

Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт Министрлігінің
(2023 жылғы 24 ақпандағы №60 бұйрығы) 2023-2025 жылдарға арналған мерейтойлар мен атаулы күндердің
тізбесі, Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің жоспарындағы 52 тармаққа енгізілген
«Жошы Ұлысының құрылғанына 800 жылдығын» атап өту бағытымен бекітілген құжаттамалық негіздер
арқылы республикалық жоспарға енген іс-шараларды өткізудің бірінде - М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Тарих және этнология» ғылыми орталығы 2024 ж., 17 мамыр күні өткен
«Жошы Ұлысы кезеңіндегі Ұлы Дала» атты халықаралық дөңгелек үстелге қатысушының
мақаласы ретінде жарияланды

FTAXP: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

<https://orcid.org/0000-0002-2098-0849>

Мақала «Алтын Орда және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр
жалғастығы» (ЖТН АР14972895) жобасы аясында жинақталған материалдар негізінде баспаға
ұсынылды

¹Таджиев Х.*, ²Қыдыр Т., ³Буранов А.Қ.

¹PhD докторы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты.
Алматы, Қазақстан

³PhD докторы, Ә.Науаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті.
Ташкент, Өзбекстан

НАХЖ УЛ ФАРАДИС ЖӘНЕ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАДАҒЫ ӘРБӘҒИН ДӘСТҮРІ

*Автор корреспондент: xamidulla_86@mail.ru

Түйін. Орта Азия мемлекеттерінің қалыптасу тарихында маңызды рөл атқарған дәуірлердің бірі Алтын Орда кезеңі болды. Бұл кезеңнің қазақ тарихындағы орны мен әдеби мәдени мұраларын зерделеу өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен әдеби мұраларды ғылыми көпшілікке насихаттаудың орны бөлек. Міне, сондай әдеби жәдігерлердің бірі Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің діни-дидактикалық сарында жазылған «Нәһж ул-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) атты еңбегі. Алтын Орда кезеңінде мұсылмандық өмірдің өркендеуі, бұл дәуірде ислами әдебиеттің қарыштап дамуына себеп болды. Мұсылман ғалымдарының жазған кітаптары ел арасында көп оқылып, кең тараған тақырыптарға шығармалар жазу, елдің сұранысын қанағаттандыру жұмыстары мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып отырды. Мақалада орта ғасырлық әдеби жәдігердің түркі мұсылман халықтары әдебиетіндегі алатын орны мен поэтикасы зерделенді. Сондай-ақ, шығарманың композициялық құрылымдық жүйесіне негіз болған ортағасырлық жазба мұраларда кеңінен қолданылған «әрбәғин» әдеби дәстүрі, оның тарихы, шығармадағы рөлі кеңінен сөз етіледі.

Кілт сөздер: Алтын Орда, Нәһж ул-фәрадис, Махмұт Кердери, әрбәғин, әдеби дәстүр.

МРНТИ: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

<https://orcid.org/0000-0002-2098-0849>

¹Таджиев Х. *, ²Кыдыр Т., ³Буранов А.К.

¹доктор PhD, ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

²к.филолог.н, доцент, Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова. Алматы, Казахстан

³PhD, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А.Наваи.
Ташкент, Узбекистан

НАХДЖ УЛ ФАРАДИС И ТРАДИЦИЯ АРБАҒЫН В ЛИТЕРАТУРНОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ

*Автор корреспондент: xamidulla_86@mail.ru

Аннотация: Одной из эпох, сыгравшей важную роль в истории становления государств Средней Азии, является период Золотой Орды. Изучение места этого периода в казахской истории и литературном культурном наследии является одним из актуальных вопросов. В частности, особое место отведено пропаганде среди научной общественности литературного наследия, повлиявшего на формирование казахского национального мировоззрения. Одним из таких литературных произведений является религиозно-дидактический труд Махмута бин Гали аль-Булгари ас-Сараи аль-Кердери «Нахдж уль-фарадис» («Открытый путь в рай»). Процветание мусульманской жизни в период Золотой Орды стало причиной быстрого развития исламской литературы в эту эпоху. В стране широко читались книги мусульманских учёных, писались труды на популярные темы, работа по удовлетворению спроса страны велась на государственном уровне. В статье исследуются место и поэтика средневекового литературного произведения в литературе тюрко-мусульманских народов. Также обсуждается широко используемая в средневековом письменном наследии литературная традиция «арбағын», лежащая в основе композиционно-структурного строя произведения, его история, роль в произведении.

Ключевые слова: Золотая Орда, Нахдж ул-фарадис, Махмут Кердери, арбағын, литературная традиция.

IRSTI: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

<https://orcid.org/0000-0002-2098-0849>

¹Tadzhiyev Kh. *, ²Kydyr T., ³Buranov A.K.

¹PhD, M.Auezov SKU. Shymkent, Kazakhstan

²candidate of Philological Sciences, Assoc. Prof. Institute of Literature and Art named after M.O.Auezov,
Almaty, Kazakhstan

³ PhD, Tashkent State University of Uzbek Language and Literature named after A.Navai, Tashkent,
Uzbekistan

NAHJ UL FARADIS AND THE ARBA'IN TRADITION IN A LITERARY WORK

*Corresponding author: xamidulla_86@mail.ru

Abstract: One of the eras that played an important role in the history of the formation of the states of Central Asia is the period of the Golden Horde. Studying the place of this period in Kazakh history and literary cultural heritage is one of the pressing issues. In particular, a special place is given to propaganda among the scientific community of the literary heritage that influenced the formation of the Kazakh national worldview. One of such literary works is the religious and didactic work of Mahmut bin Ghali al-Bulgari al-Sarai al-Kerderi «Nahj ul-Faradis» («Open Path to Paradise»). The prosperity of Muslim life during the period of the Golden Horde was the reason for the rapid development of Islamic literature in this era. The books written by Muslim scholars were widely read in the country, works were written on popular topics, and work to satisfy

the country's demand was carried out at the state level. The article examines the place and poetics of medieval literary works in the literature of the Turkic-Muslim peoples. The literary tradition «arba'in», widely used in the medieval written heritage, which underlies the compositional and structural structure of the work, its history, and role in the work, is also discussed.

Key words: Golden Horde, Nahj ul-Faradis, Mahmut Kerderi, arba'in, literary tradition.

Кіріспе

Орта Азияны мекендеген түркі халықтарының ұлт болып ұйысып, тұтастай дербес мемлекет болып қалыптасуында түрлі тарихи кезеңдер мен тарихи тұлғалардың, саяси оқиғалар мен мәдени-әдеби жәдігерлердің өзіндік орны бар. Міне, сондай кезеңдердің бірі, Жошы ұлысының заңды жалғасы болып табылған Алтын Орда мемлекеті (XIII-XVI ғ.ғ) кезеңі болды. Аталған дәуірді насихаттауға мемлекеттік деңгейде назар аударылып отырғандықтан оның әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани-әдеби мұраларын зерттеп, ғылыми айналымға түсірудің маңызы зор. Әсіресе, бұл кезеңде жазып қалдырылған әдеби мұралардың кейінгі дәуірлерде қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуына жасаған әсерін зерттеп, бүгінгі жұртшылыққа насихаттау - ұлттық бірегейлік пен әдеби дәстүрдің өзара байланысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Алтын Орда кезеңінде мұсылмандық өмірдің өркендеуі, бұл дәуірде ислами әдебиеттің қарыштап дамуына себеп болды. Мұсылман ғалымдарының жазған кітаптары ел арасында көп оқылып, кең тараған тақырыптарға шығармалар жазу, елдің сұранысын қанағаттандыру жұмыстары мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылып отырды. Міне сондай, Алтын Орда тұсында жазылған діни-дидактикалық шығармалардың бірі - Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің (?-1360 ж.) «Нәһж ул-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) атты шығармасы.

Хадис ілімінің «алтын ғасыры» аталған IX-X ғғ. көптеген мұхаддистер пайғамбардың айтқан сөздері мен істеген іс-әрекеттерін топтастырып, сол жинақталған өсиеттердің Алла елшісі Мұхаммедке қаншалықты қатыстылығын анықтау барысында оларды «сахих» (дұрыс), «хасан» (жақсы) және «зайф» (әлсіз) деп жүйелеген болатын. Сол кезеңдерде «Мұхаддистер әмірі» атанған Имам Бұхариден бастап, Имам Мүслім, Имам Термизи секілді ғұламалар өздерінің «Сахих» жинақтарын Ислам әлеміне ұсынса, олардың артынша Әбу Дәут, Ибн Мажа сияқты көптеген хадистанушылар да таңдамалы хадистер жинағын мұсылман жамағатына тарту етті.

Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың: «Кімде-кім менің хадистерімнен қырық хадисті естімегендерге жеткізсе, жұмақтық болады», - деген өсиетін берік ұстанған мұсылман қауымы Алла елшісінің өсиеттерін кейінгі ұрпаққа сап қалпында жеткізуге тырысқан. Қолына қалам ұстаған ақын-шайырлар даналық сөздерді көркем сөзбен жеткізуге кіріскен.

«Шығыстың белгілі әдеби зерттеулерінде алғаш «Әрбәгин» құрастыру дәстүрін бастаған ақын хижра жыл есебімен II ғасырларда өмір сүрген Мервтік ғалым Абдуллаһ ибн Мубарак екендігі алға тартылған. Кейінгі ғасырларда бұл дәстүр жалғасын тауып, араб, парсы және түрік ақындары мен ғалымдары өз тілдерінде «Әрбәгин» жазуды қолға алған. Ғылыми түрде әртүрлі тілдерде «Әрбәгин» жазған 100-ге жуық ақындардың аттары белгілі» - дейді зерттеуші ғалым Мехмет Емре. [2,10]

Зерттеу мақсаты мен әдістері

Деректерді қарастыруда зерттеу нысанына алынып отырған тақырыптың көкейкестілігіне және фактілердің алуандығына назар аударылды. Қарастырылып отырған тақырыптың негізгі қозғаушы факторы және тақырыпқа қатысты деректі материалдардың ең негізгілері Нәһж ул-фәрадистің құрылымдық жүйесіне негіз болған әрбәгин әдеби дәстүрінде әртүрлі жылдары жазылған шығармалар салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері негізге алынды.

Зерттеудің теориялық мәні - Дешті Қыпшақ, Хarezм, Солтүстік Кавказ, Қырым және

Бұлғар секілді кең байтақ өлкені тұтастай қамтыған Алтын Орда мемлекетінің құрамына сол кездегі Орта Азияны мекендеген түркі тайпаларының басым бөлігі кірген. Сондықтан да осы империя тұсында болған кез келген тарихи оқиға мен сол халықтардың мәдениетімен дәстүрін айшықтап беретін кез келген құбылыс, жазып қалдырылған әдеби-мәдени ескерткіштердің бәрінде де бүгінгі мұсылман түркі халықтарының әрқайсысының өзіндік үлесі бар екендігі дау тудырмайды. Зерттеу жұмысында талданып отырған Нахж ул фәрадис шығармасы мен оның құрылымына негіз болған әрбәғин әдеби дәстүрін міне, осындай ортақ мұралардың қатарына жатқызуға болады.

Теориялық талдау

«Әрбәғ» - араб тілінде қырық деген мағына бергенімен де, әдеби термин ретінде пайғамбардың қырық хадисін көркем сөзбен насихаттауды айтады [1,244].

Әрбәғин үлгісінде араб тілінде қалам тербегендердің бірі - Мухи әд-Дин Әбу Зәкәрия Йәхийә ибн Шәрәф ән-Науауи (1233-1278). Ол «Әл-әрбәғин ән-Нәуәуи», яғни «Науауидің қырық хадистер жинағы» деген еңбегінде пайғамбардың Исламның негіздері хақында айтқан қырық хадисін жинақтап берген. Науауи еңбектің кіріспесінде Абдолла ибн әл-Мүбәрәк, Мұхаммед бин Әсләм әт-Туси, әл-Хәсән бин Суфйан ән-Нәсәи, Әбу Бәкір әл-Әжурри, Әбу Бәкір Мұхаммед бин Ибраһим әл-Исфәһани, әд-Дәрәкутни, әл-Хәким, Әбу Нуғайм, Әбу Әбд әр-Рахман әс-Суләми, Әбу Сағид әл-Мәлини, Әбу Оспан әс-Сәбуни, Абдолла бин Мұхаммед әл-Ансари, Әбу Бәкір әл-Байхақи секілді хадистанушылардың да арбағин үлгісінде еңбек жазғанын алға тартқан [3, 3]. Сондай-ақ, ол осы аталған ғалымдардың кейбірі - дін негіздерін, ендігі бірі - Алла жолында күрес (жиһад - Т.Қ.), тағы бірі - діндарлық, ендігі бірі - әдеп, тағы бірі - құтбаға қатысты қырық хадисті жүйелеп жазып шыққанына тоқталады [3,4].

Имам Науауидегі алғашқы хадис ниетке арналған. Онда автор мына хадисті келтірген: «Мүміндердің әмірі Әбу Хафс Омар ибн әл-Хаттаб (Алла оған разы болсын): «Алла елшісі (с.а.с.): «Шын мәнінде, амалдар тек қана ниетке байланысты және, расында, әрбір кісіге ниет еткені тиесілі. Сондықтан кім Алла мен Оның елшісіне қарай қоныс аударса, ол Алла мен Оның елшісі үшін қоныс аударған (болып саналады), ал кім мал-дүние табу не бір әйелге үйлену үшін қоныс аударса, ол сол қоныс аударған нәрсесіне қоныс аударған (болып саналады)», - дегенін естідім», - деген» [4,8].

Имам Науауи осы хадисті кімнен алғанын да ашып көрсетіп: «Бұл хадисті хадис ілімі ғұламаларының әйгілісі Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Исмаил ибн Ибраһим ибн Муғира ибн Бәрдизбаһ әл-Бұхари және Әбул Хусейн Муслим ибн әл-Хажжаж ибн Мүслім әл-Қушайри ән-Найсабури хадис кітаптарының ең сенімділері саналған «Сахихтарында» келтірген», - деп [4,8], өзі келтірген пайғамбар өсиеттерін, негізінен, Имам Бұхари мен Имам Мүслімнің еңбектерінен алғанын алға тартқан. Науауи сенімді нұсқалардан ең таңдаулы деген хадистерді ғана іріктеп алған.

Мұхадистердің еңбектері, негізінен, діни-канондық тұрғыдан жазылған. Яғни, олар пайғамбардың хадистерін өзгертпестен, әсірелеместен сол қалпында жеткізуді мақсат тұтқан. Сондықтан да, хадисті жеткізушінің аты-жөні толық ашып көрсетілген. Сол арқылы олар пайғамбардың өнегелі сөздерінің кейінгі ұрпаққа өзгеріссіз жетуін көздеген.

Дінді нақты нұсқалар (Құран, хадис) арқылы насихаттаумен бірге оны көркем сөзбен үгіттеу жолы да бар. Ортағасырлық шайырлар Исламды көркем сөзбен жеткізуге күш салған. Басқа діни-әдеби жанрларды айтпағанның өзінде, Әбд әр-Рахман Жәми, Әлішер Науаи, Мұхаммед Физули секілді шайырлар пайғамбардың қырық хадисін өлең сөзбен өрнектеп берген. Олар Алла елшісінің иман, ихсан мәселелеріне қатысты айтқан сөздерін қытға, рубаи секілді өлең формалары арқылы беруге тырысқан.

Соның негізінде орта ғасырда кеңінен тараған «әрбәғин» жанры дүниеге келді. Парсы тілді халықтар да әрбәғин жанрының дамуына өз үлестерін қосты. Ахмет Нишапури, Аслам Туси, Муаййәд Құраши, Хәкім Нишапури, Әбу Убәйда Хирауи, Әбу Әбд әр-Рахман Суләми, Әбу Хәмид Ғазали, Әбу Нағим Исфәһани, Әбу әл-Хасан Фарси, Әбу Аббас Журжани, Әбу әл-Футух

Һамадани, Әбу Омар Тебризи, Шиһаб әд-Дин Сухрауарди, Фәхр әд-Дин Рази, Әбд әс-Самад Тебризи, Шәмс әд-Дин Амули, Әбу Таһира Хожанди, Жәләл әд-Дин Даууани секілді ғалымдар арбағын үлгісіндегі шығармаларын араб тілінде қара сөзбен жазды. Ал, Қожа Абдолла Ансари, Әбу Хафс Насафи, Ибраһим ибн Хасан Рабити, Мұхаммед ибн Хусейн ибн Ахмет Халифа Нишапури, Шейх Әлу әд-Дәулә Симнани, Сәж әд-Дин Тафтазани, Мир Сәид Әли Һамадани, Хусәйн Уаиз Кәшифи, Нур әд-Дин Әбд әр-Рахман Жәми секілді қаламгерлер парсы тілінде қалам тербеді. Олардың кейбірі пайғамбардың қырық хадисін қара сөзбен жазса, ендігі бірі өлең сөзбен жырлады [5,4].

Нәтижелер мен талқылау

Түркі даласынан шыққан ақын-шайырлар да хадистерді өлең түрінде жеткізуге күш салған. XII ғасырда өмір сүрген Ахмет Жүйнеки өзінің «Ақиқат сыйы» («Һибәт әл-Хақаиқ») деген туындысында Алланың аяты мен пайғамбар хадистерін келтіріп, соны жыр жолдары арқылы жеткізген. Мысалы: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) айтты: Қытайда болса да білім ал». Қалән-нәбийу 'әләйһис-сәләму: Утлубул-'илмә уәләу бис-Син».

Біліглік білігні езерген болұр,
Біліг татғын, ай, дуст, біліглік білұр,
Біліг білдүрүр, біл біліг кәдріні,
Білігні білігсіз отұн не қылұр.

Мағынасы: (Білімді (адам) білімді іздесе табар, білімнің дәмін, ей, дос, білімді білер, білім білдірер, біл, білім қадірін, білімді білімсіз отын не қылар?

Пайғамбардың мал-дүниені адалмен жеткізу керектігі туралы айтқан өсиетін Ахмет Жүйнеки тағы бір жерінде былай берген: «Қалән-нәбийу 'әләйһис-сәләм: Хәләлуһә хисабун уә һәрамуһә 'әзабун». Мағынасы: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Оның (мал-дүниенің) халалы - есеп, харамы - азап», - деген.

Нелүк малқа мұнча сұқ ол бұ өзүн,
Көңүлде ғәмің ол тілінде сөзүн,
Барұрсын бұ малың йағынқа қалұр,
Ұйазып берүрлер сарынғұ бөзүн.
Сенің малың ол мал ашындүрдүкүн,
Сәна хәсрәт ол тек тұтұп тұрдүкүн

Мағынасы: Неге малға соншалық тойымсызсың сен өзің, көңілде қайғың мынау, тілінде сөзің, өзің кетесің, бұл малың дұшпанға қалар, киетін кебініңді де ұялғаннан берер. Сенің малың - келер күннің малы, қолыңдағы малға паң болма, сен үшін қасірет [6, 254].

Махмұт әл-Кердери қырық хадисті жеке-жеке талдап, оның терең мазмұнын ашып, қарапайым халыққа ұғынықты болу үшін қара сөзбен жеткізуге күш салған. Осы қырық хадисті берік ұстанған әрбір мұсылман жұмақтық болатынын ұғындыру үшін де автор өз шығармасын «Нәһж әл-фәрадис» яғни «Жұмақтықтардың ашық жолы» деп атаған.

«Нәһж әл-фәрадистің» композициялық құрылымы негізінен үлкен төрт баптан тұрады. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпты көтерген. Ішкі бөлімдерде сол тақырыптың мазмұны ашылған. Бұл туралы Махмұт әл-Кердері: «Осы хадиске сүйеніп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен сенімді кітаптардан қырық хадисті топтастырдық. Және осы хадистерге лайықты хикаяларды пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ахуалынан, тағы Хуләфәи рашидин жағдайынан, ғұлама және машайық ахуалынан құрастырып, бұл кітапты төрт бапқа бөлдік. Және әр бапты он бөлімге бөлдік және әр бөлімнің басына бір хадисті келтірдік. (Осылайша) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен жиынтығы қырық хадис болады», - деп түйіндеген.

Әр бөлім Мұхаммед пайғамбардың бір хадисімен басталып отырған. Автор сол бөлімде пайғамбар өсиетінің хақтығын сахаба-табиғиндер мен әулие-әнбиелердің даналық сөздерімен, сондай-ақ олардың өмірлеріне қатысты қызықты хикаяларымен жеткізуге тырысқан. Бір бөлім бір тақырыпқа ғана арналғандықтан автордың айтар ойы тиянақты, жинақы берілген. Ахлақ,

тәлім-тәрбие секілді адами асыл қасиеттерден тұратын бұл еңбегін жазарда Махмұт әл-Кердері Ислам әлеміне танымал болған Имам Мұхаммед Бұхари, Имам Әбу Иса Термизи, Әбу Жүсіп әл-Қази, Имам Мұхаммед Башрауи, Имам Ғазали, Имам Шағбан ибн Мәһди, Имам Әбу Ләйс Самарқанди, Имам Бағауи, Имам Сағани секілді т.б. мұхаддис, фақиһ ғалымдардың еңбектерінен пайдаланған.

Бұл әдеби дәстүр Кердериден кейінгі кезеңдерде де парсы мен түркі халықтарының әдебиетінде кеңінен көрініс берген. Мысалы, Кердериден шамамен бір ғасыр кейін өмір сүрген парсының атақты шайыры Әбд әр-Раһман Жами «Қырық хадис» атты поэтикалық шығармасын жазды. Жами бұл шығармасын араб тілін түсінбейтін парсы халықтарына арнаған болса, оның белді шәкірттерінің бірі Әлішер Науаи аталған шығарманы 1481 жылы түркі тіліне аударып, түркі мұсылман халықтарына Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) хадистерін поэзиямен насихаттады. Осылайша шығыс халықтары әдебиетінде әрбәғин дәстүрі жалғасын тауып отырды. Науаиден соң араға екі ғасыр салып түркі шайыры Хазини «Хадис әрбәғин» іні мәснәуи үлгісімен жазып шықты. Мұнымен ол өзіне дейінгі дәстүрді жалғастырды. Хазини хадистердің мағынасын ашуда төрт жолмен ғана шектелместен, егіз жол қалыбымен жырлаған. Сондықтан да, кейбір хадистердің мағынасы он алты жолмен берілсе, ендігі бірі отыз жолдан асқан. Ал, хадистердің мазмұнын талдауға арналған кейбір хикаялардың көлемі жүз жолға жететінін аңғаруға болады. Яғни, Хазини пайғамбар өсиетін барынша таратып беруге тырысқан. Хазиниден соң бұл дәстүрді ХІХ ғасырда жалғастырған өзбек шайыры Мухаммедқұл Мухаййир болды. Ақынның өлеңдер жинағынан орын алған, Аллаһ елшісінен (с.а.у.) сахих риуаяттармен бізге дейін жеткен, Орталық Азия халықтары арасында кеңінен тараған хадистерінен қырық хадисті өлеңмен жазып шығуынан Науаи заманында басталған әдеби дәстүрді қайталап қана қоймай, оны жаңғыртып, өзіндік стильмен байытқанын көруге болады.

Бұл туралы А.Дехканов: «Өлең сөзбен қырық хадисті баяндау араб, парсы әдебиеттерінде ежелден дәстүрге айналғанымен, өзбек әдебиетінде Науаиге дейін бұл тақырыпта шығарма жазылмаған және Науаиден кейін де бұл дәстүр бірер ақын не жазушы тарапынан жалғасын тапқаны көрінбейді. Зерттеулеріміз нәтижесінде, Науаиден кейін классик әдебиетімізде бұл дәстүр тек Мухаййир шығармашылығында көрініс беріп отыр» [7, 9] - деп қорытындылаған.

Қорытынды

Қорыта келе айтқанда, Ислам дінінің алғашқы ғасырларында Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өмірлік өнегелерін қоғамға насихаттаудан туған «Әрбәғин» әдеби дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасып, күнімізге дейін жалғасын тауып отырған ислами әдебиеттің бір бөлігі іспетті. Хадистерді поэзиямен төгіліп, жырлаған ақындар елдің дүниетанымында пайғамбарға деген сүйіспеншілігін оятса, бірде прозалық үлгіде хадистің мәнін түсіндіріп, оқырманды оған амал жасауға шақырып отырды. Бұл әрине қоғамды ізгілікке шақыруда көмекші құрал қызметін атқарып отырды десек те болады. Ал, бұл әдеби дәстүрдің өзіндік тарихымен ислами әдебиеттегі алатын орнын зерделеу алда осы сынды зерттеу жұмыстарымен жалғасын табады және әзірге дейінгі зерттеулеріміз барысында Орталық Азия жерінде әрбәғин дәстүрімен әдеби шығарма жазған ақындар шығармашылығы көзге түспеген болса да, алдағы уақыттағы зерттеулерімізден үміт күтеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қыдыр Т. Мұхаммед Пайғамбардың (с.а.у.) көркем бейнесінің әдебиетте жырлану ерекшеліктері. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1 (76) 2016. 10 б.
2. «Kırk Mevzuda Kırk Hadis», Mehmet Emre, İstanbul, 1344, s.s. 4-7. «Hadis-i Kutsiler», Erdem, Hasan Hüsnü. Taşkent: «Çolpan» yay., 1994, s.10.
3. Әл-Арбағин. Лил-имәм әл-мухәддис әл-әриф билләһ Мухи әд-Дин Әби Зәкәрийә бин Шәрәф әд-Дин ән-Нәуәуи рәхимәһуллаһ. Казань: Типография Т.Д. «Бр.Каримовы», 1914. 34 с.
4. Мұстафа әл-Бұға, Мухиддин Мисту. Әл-Уафи. Имам ән-Науауи таңдаған қырық хадис

шархы. Арабшадан аударған: Қ.Спатай. Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013. 392 б.

5. Камолов Ф.А. Чихил хадис Абдуррахмана Джами и традиция написания сорока хадисов в персидско-таджикской литературе (до XIV века). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Худжанд, 2012.

6. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы. Қарахандықтар дәуіріндегі әдеби жәдігерлер. Т.2. Алматы. «Evo-Press», 2020. 560 б.

7. Мухайир. Девон. Нашрга тай: А.Дехканов. Тошкент: Muharrir nashriёti, 2010. 256 б.

Reference list:

1. Kıdır T. Muhammed Paygambardın (s.a.u.) korkem beynesinin adebiette jırlanw erekşelikleri. QazUU Xabarshısı. Shıgıstanu seriyası. №1 (76)2016.10 b.

2. «Kırk Mevzuda Kırk Hadis», Mehmet Emre, İstanbul, 1344, s.s. 4-7. «Hadis-i Kutsiler», Erdem, Hasan Hüsnü. Tashkent: «Çolpan» yay., 1994, s.10.

3. Al'-Arbagin. Lil-imam al'-mukhaddis al'-arif Billakh Mukhi ad-Din Abi Zakariya bin Sharaf ad-Din an-Navavi, rakhimakhullakh. Kazan': Tipografiya T.D. «Br. Karimov», 1914. 34 s.

4. Mustafa al'-Buga, Mukhiddin Mistu. Al'-Vafi. Kommentariy k soroka khadisam, otobrannym imamom an-Navavi. Perevod s arabskogo K. Spatai. Almaty: TOO «Kausar-sayakhat», 2013. 392 s.

5. Kamolov F.A. Chikhil khadis Abdurrakhmana Dzhami i traditsiya napsianiya soroka khadisov v persidsko-tadzhikskoy literatura (do KHIV veka). Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata filologicheskikh nauk. Khudzhand, 2012.s.

6. Ezhelgi dauir adebietinin antologiyası. Karahandıqtar dauirindegi adebi zhadigerler. T.2. Almatı. «Evo-Press», 2020. 560 b.

7. Mukhayr. Devon. Nashrga tai: A.Dekhkanov. Tashkent: Muharrir nashrieti. 2010.256 s.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Таджикив Хамидулла Хабибуллаевич – филология ғылымдарының PhD докторы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы xamidulla_86@mail.ru